

ЖАТЫР МОЙНЫ ОБЫРЫНЫҢ СКРИНИНГ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ

Бұл мақалада Ақтөбе қаласы №4 қалалық емхананың 2016 жылғы жатыр мойны обырын анықтауға бағытталған скринингтік зерттеулер нәтижесі қорытындыланды.

Кілтті сөздер: жатыр мойны обыры, скрининг, жатыр мойны обыры скринингі.

Кіріспе. Жатыр мойны обыры әлемде өзекті мәселе болып табылады. Қоғамдық денсаулық үшін бұл дерттің маңыздылығы адам өміріне салынатын азаптан бөлек, денсаулық сақтау жүйесі үшін қаржылық салдарға әкеліп соғатындығында.

Онкологиялық зерттеу жөніндегі халықаралық агенттіктің мәліметтері бойынша, әлемде жыл сайын 500 мыңнан астам әйелде жатыр мойны обыры анықталады, және бұл аурудан 300 мыңнан астам әйел өмірден озады [1]. Соңғы кезде әлем бойынша аталған аурудың жасару тенденциясы байқалады, соның ішінде Қазақстанда.

Әлемнің көптеген елдерінде жатыр мойны обырын анықтауға бағытталған скринингтік тексерулер енгізілген. Бұл тексерулердің мақсаты - белгілі бір жастағы әйелдердің мерзімді, кешенді тексеруден өткізу арқылы, жатыр мойны қатерлі ісігі бойынша аурушаңдық пен өлім көрсеткішін төмендету және болдырмау болып табылады [2].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, Ұлыбритания, Нидерланды, Швеция және Финляндия сияқты елдерде, мақсатты топтың ұйымдасқан скринингпен қамтылуы 70%-ға жетіп отыр. Еуропаның тоғыз елінде, жатыр мойны обырының скринингін бақылауға және бағалауға мүмкіндік беретін, ұлттық скринингтік дерекқорлары (тізілімдерді) бар.

Қазақстанға келер болсақ, 2008 жылы енгізілген Ұлттық скринингтік бағдарлама шеңберінде жатыр мойны обыры скринингі жүргізілуде. Осы бағдарламаға сәйкес, мақсатты топ анықталды, яғни 30,35,40,45,50,55,60 жастағы әйелдер. Қазақстанда жатыр мойны обыры скринингін ұйымдастыру өзекті де маңызды мәселе болып табылады, өйткені бұл дерттен өлім-жітім көрсеткіші 100 мың әйелге шаққанда 3,9-ды құрап отыр [3].

Зерттеу мақсаты: жатыр мойны обырының скрининг нәтижелерен талдау арқылы скрининг тексерулерінің тиімділігін анықтау.

Материалдар мен әдістер: Ақтөбе қаласы, №4 Қалалық емхананың 2016 жылғы жатыр мойны обырын және обыралды ауруларды анықтаудағы скринингтік тексеру бойынша статистикалық мәліметтердің ретроспективті талдауы жасалды.

Нәтижелер: 2016 жылы емханаға тіркелген әйелдер санынан 30,35,40,45,50,55,60 жастағы 1919 әйелді скринингтік тексеруден өткізу жоспарланған, және бұл жоспар толық орындалып, 1919 әйел Папаниколау әдісімен тексеруден өткен. Тексерілгендер ішінен 37 (1,9%) әйелде обыралды аурулар анықталған.




График №1- Обыралды аурулар

Кесте 1 - Обыралды аурулар анықталған әйелдерді жасы бойынша бөлу

Жасы	Обыралды аурулар (кездесу жиілігі)
30	21
35	5
45	6
55	4

Алынған мәліметтерді талқылау:

Мақсатты топтың скринингтік тексерумен толық қамтылуы әйелдердің өз денсаулығына деген жауапкершілігін және де №4 Қалалық емхананың медициналық қызметкерлері өткізетін скринингтік тексерулердің маңыздылығы бойынша үгіт-насихат жұмыстарының тиімділігін білдіріп отыр.

Жатыр мойны обырының жоқтығы және обыралды аурулардың анықталуы скринингтік тексерулердің қатерлі ісікті ерте анықтаудағы тиімділігінің дәлелі болып табылады (№1 графикке сәйкес).

Ал №1 кестеге сәйкес, обыралды аурулар, соның ішінде эрозия және эктропион, көбінесе 30 жастағы әйелдерде жиі кездеседі, яғни бұл жатыр мойны обырының жасаруының дәлелі.

Қорытынды:

Сонымен, ретроспективті талдау нәтижесінде алынған деректер скринингтік тексерулердің қатерлі ісікті ерте анықтаудағы диагностикалық құндылығын растап отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 WHO. A guide to essential practice. Comprehensive cervical cancer control. - 2010. - 141 p.
- 2 Новик В. И. Скрининг и дифференциальная цитоморфологическая диагностика рака шейки матки. - СПб.: - 2012. - 316 с.
- 3 Ж.Б. Елеубаева, К. Иманмади, А.И. Шибанова, С.Т. Олжаев, Д.Н. Сабитов, М.Ш. Кашмагамбетова, Н.Г. Каримова. Организация и пути совершенствования скрининга рака шейки матки в республике казахстан // Здоровье Казахстана. - 2014. - С. 88-94.

A.G. ZHUMAGALIYEVA, M. KALIYEVA**ANALYSIS OF THE RESULTS OF SCREENING OF CERVICAL CANCER**

Resume: This article summarizes the results of screening for cervical cancer in 2016 in the city polyclinic №4 of Aktobe by conducting a retrospective analysis.

The findings suggest, firstly, of the breadth of coverage of cervical cancer screening, which indicates the high level of women's joint responsibility for their own health and the efficient conduct of the medical staff of a city polyclinic №4 health education. Secondly, the high detection rate of precancerous changes is proof of the effectiveness of screening tests in the diagnosis of cervical cancer. Precancerous changes, in particular, erosion and ectropion of cervix uteri, are more common in the age of 30, indicating that the trend of rejuvenation of the disease.

Thus, the above results are a confirmation of the diagnostic value of cervical cancer screening in order to identify asymptomatic preclinical forms of cancer and its early stages.

Keywords: cervical cancer screening, cervical cancer

A.G. ЖУМАГАЛИЕВА, М.С. КАЛИЕВА**АНАЛИЗ ИТОГОВ СКРИНИНГА НА ВЫЯВЛЕНИЕ РАКА ШЕЙКИ МАТКИ**

Резюме: Важность проблемы рака шейки матки (РШМ) для общественного здравоохранения определяется его серьезным бременем на общество не только в связи с человеческими страданиями, но также финансовыми последствиями для системы здравоохранения.

проанализировать результаты скрининговых исследований на выявление рака шейки матки, тем самым определить роль скрининга в раннем выявлении РШМ.

Проведен ретроспективный анализ статистических данных по результатам проведения скрининга женщин в возрасте 30, 35, 40, 45, 50, 55 и 60 лет на выявление рака и предопухолевых заболеваний шейки матки в Городской поликлинике №4 г. Актобе за 2016 год.

Полученные данные свидетельствуют, во-первых, о широте охвата скрининга РШМ, что указывает на высокий уровень солидарной ответственности женщин за свое здоровье и эффективное проведение санитарно-просветительной работы медицинскими сотрудниками городской поликлиники №4. Во-вторых, отсутствие рака шейки матки и высокая выявляемость предраковых заболеваний является доказательством эффективности скрининговых исследований в диагностике рака шейки матки. Предраковые изменения, в частности эрозия и эктропион шейки матки, встречаются чаще в возрасте 30 лет, что говорит о тенденции омоложения данной патологии.

Таким образом, изложенные результаты являются подтверждением диагностической ценности скрининга рака шейки матки с целью выявления доклинических бессимптомных форм рака и ранних его стадий.

Ключевые слова: рак шейки матки, скрининг, скрининг рака шейки матки.